

Молдахмет Архад Айтжанұлының
«6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу алу үшін дайындалған
«Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары:
Қышқала материалдары бойынша» тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Диссертациялық жұмыстың сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста Сырдария өзені төменгі ағысының (XIII-XV ғғ.) тарихи-географиялық ландшафты, керуен жолдары бойындағы ескерусіз қалған ескерткіштер, фольклорлық деректер, саяхатшылар мен өлкетанушылардың естелік жазбалары, аймақта жүргізіліген кәсіби археологиялық ғылыми – зерттеу жұмыстараның нәтижелері және ортағасырлық Қышқалада жүргізілген кешенді зерттеулер мен онан алынған бай заттай деректер және қыш бұйымдар жөніндегі ғылыми мәліметтерді жинақтап, топтап, жіктеп, кезеңдеп, саралап талдау арқылы Алтын Орда дәуіріндегі өркениет пен мәдениеттің өзара байланысында қала мен дала мәдениеті арасындағы қарым-қатынас мәселелері тарихи тұрғыда қарастырылған.

Тақырыптың өзектілігі. Өлке тарихы ортағасырлық деректерде оғыз-қыпшақ жері ретінде сипатталады. Осы уақытта орын алған этникалық үдерістердің әсерінен түргеш, қарлұқ, оғыз, қыпшақ және т.б. түрік этнониміндегі тайпалар бірлестігі Шыңғысхан бастаған моңғол шапқыншылығынан кейінгі саяси, әкімшілік өзгерістердің әсерінен Алтын Орда деп аталатын мемлекеттің негізін құраушы халыққа айналды.

Алтын Орда дәуірі қазақ елінің қалыптасу тарихындағы аса маңызды тарихи кезең. Тап осы кезеңде тарихи және мәдени тұрғыда қарқынды өзгерістер орын алды. Себебі кез-келген саяси құрылым өзгерген уақытта міндетті түрде ол мемлекеттің рухани, материалдық құндылықтары да өзгеріске ұшырап, даму немесе құлдырау сатысын бастан өткеретіні заңды құбылыс. Осындай ескерткіштер қатарында атауы бұл күнде ұмыт болып, халық жадында аңыз болып сақталған қала, қоныс, тұрақ, мекендер мен мемориалдық кешендер баршылық. Алайда осындай тарихы терең ескерткіштердің көпшілігі қазір қайда орналасқан нендей күйде екені әлі де болса шешімін таппаған мәселелердің бірі. Көптеген тарихи нысандар осы өлкеде болған саяхатшылар мен өлкетану мақсатындағы мамандардың естелік жазбалары арқылы ғана жеткен. Сондықтан әр түрлі тарихнамалық деректерді жинақтай отырып, Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуіріндегі қалаларының атауы мен орналасқан жеріне қатысты ақпараттарды топтастырып, ғылыми негіздемесін жасаудың маңызы жоғары.

Зерттеу нысаны ретінде Сырдария өзені төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары мен ортағасырлық Қышқаладан ашылған әр түрлі культтік және мемориалдық нысандар, тұрғын үй кешендері сонымен қатар ескерткіштен табылған жәдігерлер басты назарға алынып отыр

Зерттеу пәні – Сырдария өзені төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары мен онда қалыптасқан алуан түрлі мәдени қабаттар кіреді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалаларын (XIII – XV ғғ.) археологиялық материалдар және жаратылыстану бағытында жасалатын пәнаралық байланыстар негізінде зерттеу. Сондай-ақ, алтынордалық қалалардың баламалануы, зерттелу тарихы, қалыптасуы, дамуы, сәулеттік құрылыс ерекшеліктерін талдау.

Жұмыстың мақсатына орай бірқатар міндеттер қойылды:

- фольклорлық деректердегі тұлға, қала, елді-мекен атауларының біз қарастырып отырған Сырдария өзені төменгі ағысындағы Ұлық Ұлыс дәуірі ескеркіштерімен тарихи жақындығын археологиялық зерттеулер негізінде бағамдау;
- Саяхатшылар мен өлкетанушылардың жазба естелік деректерін саралау;
- Сырдария өзені төменгі ағысында орналасқан алтынордалық қалалардың зерттелуі мен Қышқаланы баламалау мәселесін талдау;
- Қышқалаға (Баршынкентке) жақын орналасқан Жошы Ұлысы дәуірі қалаларына археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- Ортағасырлық Қышқалада кешенді ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы оның жасына, суландыру және қорғаныс жүйесіне, қыш өндірісіне, қоғамдық нысандарының орналасуына, культтік-мемориалдық, қарапайым жерлеу орындарынан алынған адам сүйектеріне антропологиялық зерттеулер жүргізу;
- Қышқаланың шаруашылығы: жануар сүйектеріне жасалынған талдау нәтижелерін жариялау;
- Сырдария өзені төменгі ағысы мен Қышқаланың (Баршынкент) халықарлық саудадағы қызметін айқындап, аймақтың экономикалық дамуындағы ықпалын нумизматикалық деректер тұрғысынан бағалау;
- Баршынкенттен (Қышқаладан) табылған тұрмыстық заттар негізінде Сырдария өзені төменгі ағысындағы алтынордалық қалалардың қоғамдық-әлеуметтік өмірін, шаруашылық ахуалын бағамдау.

Диссертациялық жұмыстың территориялық аумағы. Зерттеу жұмысының шекарлық аумағы географиялық тұрғыда Сырдарияның төменгі ағысы ретінде алынып отырған аймақ шығысында Асанас-өзектен басталып, солтүстігінде Бетпақдаламен, оңтүстігі Қызылқұм шөлімен, батысында Арал теңізінің кепкен табанына дейінгі аумақты алып жатқан Қазақстанның оңтүстік-батыс өңірі. Әкімшілік-аумақтық саяси бөліністерге қарай қазіргі Қызылорда облысы (Сырдария және Арал аудандары аралығы) аумағын толық қамтиды.

Диссертациялық жұмыстың мерзімдік шеңбері Жұмыстың хронологиялық шеңбері XIII ғ. алғашқы ширегі мен XIV ғ. толық қамтиды. Бұл Алтын Орда мемлекетінің ресми түрде құрылғаннан бастап оның әрі қарай ыдырау кезеңіне дейінгі тарихи уақытқа сәйкес және археологиялық зерттеулер кезінде ашылған мәдени қабаттардан анықталған деректерге байланысты алынып отыр.

Зерттеудің әдістері мен әдіснамасы. Жекелеген ортағасырлық қаланы зерттеуде аймақтық және тақырыптық қамтылуын ескере отырып, этноархеологиялық (бақылау, сұхбат) сияқты дәстүрлі әдістермен бірге ауызша дерек жинау әдістерін назарға алдық. Диссертациялық жұмыстың мәселелік сұрақтарына жауап табу барысында айғақты ғылыми мазмұндағы фактілерді ұсыну арқылы археология ғылымында көпшілік мақұлдаған тарихи-салыстырмалы талдау және оны бірізділікке жинақтау қағидаттары басшылыққа алынды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы.

- XIII-XIV ғғ. Сырдария өзені төменгі ағысындағы ескерткіштерге қатысты 10 жуық аңыз-әңгімелер қоры жинақталып, 1 тарихи тұлғаға қатысты фольклорлық зерттеу жұмысының негіздемесі жасалып, саяхатшылар мен өлкетану мақсатында келген зерттеушілердің жазып қалдырған естелік мағлұматтарына тарихи-салыстырмалы талдаулар жүргізілді.

- Сырдария өзені төменгі ағысында орналасқан алтынордалық қалаларды тарихи деректерде кездесетін көне қалалар мен баламалап, олардың жазба естеліктерде сипатталған аумағы өзара теңестірілді.

- Қышқала (Баршынкент) қаласы төңірегінде жүргізілген барлау жұмыстары нәтижесінде бұрын ғылымға белгісіз болып келген 20 археологиялық ескерткіш ашылып, ғылыми айналымға енгізілді;

- 2018-2023 жж. Баршынкент (Қышқала) қаласында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының барысында оның әр түрлі бөліктерінен 11 сәулеттік нысанның орны (сегіз қырлы кешен, құмбыз, кесенелер, тұрғынжайлар) ашылып, олардың функционалдық қызметтері айқындалды;

- Қышқалада жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барсында жинақталған остеологиялық деректерге археозоологиялық талдау жұмыстарын жүргізу барысында үй және жабайы жануарлардың, құстардың, балықтардың сүйек қалдықтары ажыратылып, жылқы төлінің шамамен өмір сүру жасы анықталды;

- Қышқалада (Баршынкентте) жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында жалпы саны 100-ге тарта тиын табылып, ғылыми айналымға еңгізіліп, қаланың экономикалық ахуалы жайында тұжырымдар жасалды;

- Қышқалада жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында тұрғын үй орындарынан кездескен ыдыс сынықтарына морфологиялық талдаулар жасалды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Фольклорлық зерттеулер негізіндегі Қобыланды батыр жырындағы «Сырлы, Қырлы» қала орындарын қазіргі күндегі Сырлытам, Заңғарқала ескерткіштерімен теңестіріліп, Алпамыс батыр жырындағы Гүлбаршын бегімге арнап салынған қала мен тарихи деректердегі Баршынкенттің өзара ортақ байланысатын белгілері хақында бірқатар пікірлер ұсынылды.

2. Саяхатшылар мен өлкетану бағытындағы зерттеушілердің еңбектері талқыланып, алғаш рет Сырдария өзені төменгі ағысындағы алтынордалық

ескерткіштердің (Асанас, Қышқала, Жаңақала, Жанкенттік Мыңтөбе, Кердері, Арал-асар т.б) зерттелу тарихы жазылып, олардың Ұлық Ұлыс заманында да атқарған қызметтері (керуен сарай, бекініс, қоныс, қыстақ) анықталды.

3. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы алтынордалық ескерткіштер тарихи деректерде кездесетін Эшнас – Асанас, Барчинкент – Қышқала (Қыштөбе), Жент – Жаңқала, Хувара – Күйік қала, Хайрабат – Кескен-күйік қалаларымен баламаланды.

4. Қышқала қаласына жақын маңда жүргізілген барлау жұмыстары барысында 20 археологиялық ескерткіш ашылып, ғылыми айналымға енгізіліп, оның ішінде төртеуі: Мыңшоқы 1,2, Жаңабай, Үштөбе ескерткіштерінен Алтын Орда дәуіріне жататын айғақты керамикалық ыдыстар кездесті. Қышқала (Баршынкент) қаласының сәулеттік-құрылымы жіктеліп, орналасу ауданы мен онан ашылған нысандардың атқарған қызметі айқындалды.

5. Остеологиялық деректер тұрғысында Қышқаланың шаруашылығына қатысты тың ақпараттарға қол жеткізіліп, қала тұрғындарында балық аулау, аң аулау кәсібінің жоғары деңгейде дамығандығын көрсетті.

6. Нумизматикалық деректер базасының ауқымдылығына байланысты Қышқалада теңге соғатын сарай болу мүмкін деген болжамдар ұсынылып, табылған тиындардың 80% пайызының соғылған жері Баршын екені көрсетілді. Сондықтан Қышқаланың көне Баршынкент қаласы болуы ықтимал деген тұжырымдар жасалып, соғылған тиындардың бірқатарында Алтын Орда ханы Тоқтамыстың есімі ойып жазылғаны белгілі болды.

7. Қышқаладан кездескен керамикалық бұйымдар кешені көрінісіне қарай сырлы және сырсыз деп екіге жіктелді. Ыдыс сынықтарына жалпылама морфологиялық және морфометриялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тарихи-салыстырмалы талдау жұмыстары барсында Қышқаланың сырлы және сырсыз ыдыс үлгілерінің алтынордалық дәуірге жататындығы айқындалды.

Зерттеудің деректік қоры жазба және археологиялық қазба материалдарынан тұрады. Жазба деректемелерге тақырыпқа қатысты түрлі ғылым салаларын қамтыған, ғылыми есеп, сызба, картографиялық материалдар, т.б. жатса, археологиялық қазба материалдарына Алтын Орда дәуірі ескерткіштерінен алынған жәдігерлер, музей топтамалары, әр түрлі бұйымдар т.б. жатады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырда (әр жылдары) Сырдың төменгі ағысында тұрақты зерттеулер кейбір мамандар тарапынан жүргізілді. Осыған орай әрбір маман өз зерттеулері арқылы отандық археологияның қалыптасуына өзіндік үлесін қосты дей аламыз.

Ал археологиялық ізденістер геоархеологиялық жұмыстардың өзегі екендігі белгілі. Бұл саладағы айтулы кезең екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Мұны 1946 жылдан басталған КСРО Ғылым академиясы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының кең көлемдегі

зерттеулерімен байланыстыруға болады. Экспедиция отрядтары қатарынан бірнеше жылдар бойы Сырдария өзені төменгі ағысынан басқа Қазақстанның бірқатар оңтүстік аудандары аумағында далалық ізденістер атқарды. Осы зерттеулерге әр жылдары С.П.Толстов А.В. Виноградов, Б.В.Андрианов Б.И.Вайнберг, М.А.Итина және тағы басқа ғалымдар жетекшілік етті. Бұлардан өзге жекелеген мамандардың да қосқан үлесі зор.

Тәуелсіздік жылдарында шетелдік әріптестермен бірлескен бірнеше археологиялық экспедициялар құрылды. Мұндай бірлескен археологиялық экспедицияларға кешенділік, яғни бірнеше ғылым салаларының тоғысуына далалық ізденістер жүргізу тән болған еді. Осы жылдардағы ондаған бірлескен археологиялық экспедициялар арасынан 1992-2003 жылдары РҒА академигі А.П.Деревянко жетекшілігімен Ресей-Қазақстан біріккен археологиялық экспедициясын атап кеткен абзал.

2004-2009 жылдары мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Сырдарияның ежелгі арналары бойындағы зерттеу жұмысын Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы (ШРАЭ) жандандырды. Экспедицияның маршруттық отряды белгілі және қайта ашылған ескерткіштерді жаппай зерттеу мен картаға түсіру мақсатында мыңдаған шақырымдарды жүріп өтті.

Зерттеулер нәтижесі «Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы» атты кітап түрінде жарық көрді. Бұл жинаққа біз қарастырып отырған аймақтың да бірқатар ежелгі ескерткіштері енді. Кейбір ескерткіштер бұрын белгілі болса, басқалары жаңадан ашылған еді. Олардың барлығы біздің тарапымыздан қарастырылып отырған тақырыптың деректік қорына кіріп отыр.

Зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызын ашу мақсатында алтынордалық қалалардың тарихи-топографиялық құрылымы, сәулеттік, мемориалдық ерекшеліктеріне сипаттамалар жасалды. Оның ішінде қабырғалары қыш кескетен тұрғызылған қонақ үй түріндегі сегіз бұрышты мұнаралы нысан, қоғамдық орындар, тұрғын жай, кесенелердің құрылысына қатысты салыстырмалы талдаулар мен қорытындылар жасалды.

Жұмыс нәтижелерінің апробациясы. Зерттеудің басты нәтижелері мен негізгі қорытындылары бойынша 10 ғылыми мақала жарық көріп, оның ішінде 6 мақала ҚР БҒМ мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынған басылымдарда, 10 мақала отандық және шетелдік ғылыми конференция жинағында, 1 мақала Scopus және Web of Science ақпараттық базасына кіретін журналдарда жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен иллюстративті 6 қосымшадан тұрады.